

## **"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2722 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес Қаулы Етемін:

I. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-баптың 2-тармағының үшінші абзацы алынып тасталсын.

2) 3-бапта:

бірінші және екінші бөліктер 1 және 2-тармақтар болып саналсын;

бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыруға мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру немесе оның алғашқы кезеңдері туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттік кірмейді.

Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру туралы (оның алғашқы кезеңі) шешім қабылданған күннен бастап кәсіпорынды иелену жөніндегі мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясы осындай шешім қабылдауға уәкілдік берілген мемлекеттік органға көшеді".

II. Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті